

Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді, олардың құжаттар жинағына өзгерістер енгізу мен сараптамасын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 25 тамыздағы N 635 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 2496. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 735 Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.18 N 735 бұйрығымен.

Ескерту: Атауына, кіріспеге өзгертулер енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.15. N 500 Бұйрықтарымен.

"Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен, "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1124 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитетінің Мәселелері және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Дәрі-дәрмек" дәрілік заттар орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жекелеген мәселелері" туралы 2002 жылғы қазандағы N 1081 қаулыларын орындау үшін, дәрілік заттардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізу Ережесі ;

2) Дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде сараптама жұмыстар жүргізу және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізу жөніндегі Ереже б е к і т і л с і н .

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005.11.01. N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.15

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі мен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр А.Т.Айдархановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

Министр

"Қазақстан Республикасында
дәрілік заттарды мемлекеттік
тіркеуді, қайта тіркеуді,
олардың құжаттар жинағына
өзгерістер енгізу мен
сараптамасын реттейтін
нормативтік құқықтық
актілерді бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2003 жылғы 25 тамыздағы
N 635 бұйрығына
қосымша

Күшін жойған бұйрықтар тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 226 "Дәрілік, емдік-диагностикалық және косметикалық заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медицина техникасы мен емдеу-алдын алу тағам өнімдерін мемлекеттік тіркеу Ережелері" бұйрығы. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі 1999 жылғы 17 мамыр N 759).

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің 2001 жылғы 16 қазандағы N 947/1 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 226 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы. (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі 2001 жылғы 2 қараша N 1665. "Фармация Казахстана" журналында басылған 2001 жыл N 7).

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігінің 2003 жылғы 19 наурыздағы N 226 "Дәрілік, емдік-диагностикалық және косметикалық

заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды, медицина техникасы мен емдеу-алдын алу тағам өнімдерін мемлекеттік тіркеу Ережелері" туралы 1999 жылғы 30 сәуірдегі N 226 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" бұйрығы . (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі 2003 жылғы 7 сәуір N 2231. 2003 жылдың 13 тамызында "Ресми газетке" жариялану үшін жіберілген).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 5 т а м ы з д а ғ ы
N 6 3 5 б ұ й р ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н

Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және дәрілік заттардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізу Ережесі

Ескерту: Барлық мәтін бойынша атаудағы "медициналық бұйымдардың", "медициналық бұйымдар" деген сөздер "медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың", "медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдар" деген сөздермен ауыстырылды, "оның ішінде" деген сөздер алынып тасталды; "нормативтік-техникалық құжаттама", "нормативтік-техникалық құжаттаманың", "нормативтік-техникалық құжаттаманы" деген сөздер "дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжат", "дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжатқа", "дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжатта" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.15. N 500 Бұйрықтарымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынандай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) биожетімділігі - белсенді субстанция немесе оның белсенді бөлігі дәрілік түрден сіңірілетін және оның болжанған әсерінің орнында қол жетімді болатын ж ы л д а м д ы қ п е н д ә р е ж е ;

2) дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу - тіркелуінің жарамдылық мерзімін бір жылдан бес жылға дейін ұзарту ол бұрынғы тіркеу нөмірі мен жаңа тіркеу куәлігі беріле

отырып, сондай-ақ Дәрілік заттардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізіле
отырып, қоса жүреді;

3) клиникаға дейінгі сынақтар мен зерттеулер - дәрілік зат қауіпсіздігінің өзіне тән әсерін білу мақсатында жануарларға клиникаға дейінгі сынақтар және химиялық, физикалық, биологиялық, микробиологиялық, фармакологиялық және басқа экспериментальдық ғылыми сынақтарды жүргізу;

4) клиникалық сынақтар мен зерттеулер сыналуды ретінде адамды қатыстыра отырып клиникалық, фармакологиялық және/немесе зерттеліп отырған фармакологиялық немесе дәрілік заттың фармакодинамикалық тиімділігін және/немесе оған барлық жағымсыз әсерлерді анықтау және/немесе оның қауіпсіздігі мен тиімділігін, сіңірілуін, бөлінуін, биотрансформациялануын анықтау үшін клиникалық зерттеулер мен сынақтар жүргізу;

5) медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдар жөніндегі комиссия - медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның қауіпсіздігіне, тиімділігіне және сапасына ғылыми мамандандырылған сараптама жүргізетін сараптау комиссиясы;

б) медицина техникасы - медициналық мақсаттарда аурулардың алдын алу, диагностикалау, емдеу, медициналық оңалту, медициналық сипаттағы ғылыми зерттеу үшін жеке, кешенді немесе жүйелі қолданылатын - аппараттар, құрал-жабдықтар, аспаптар, құрылғылар, оның ішінде сериялық өндірістің протездері мен имплантанттары.

Медициналық аспаптар және аппараттар - жеке немесе өзара байланыстырып мүшелер мен жүйелер қызметін диагностикалау, емдеу, алдын алу, оңалту және ғылыми мақсатта адам ағзасының жай-күйін ұқсас және/немесе сандық түрде алуға, жинақтауға, талдауға және көрсетуге арналған медицина техникасы.

Медицина құрылылары - ол:

ағзаның нақты қызметтік жүйесіне немесе мүшесіне (мүшелер тобына) тұтастай немесе ішінара әсер етуге арналған қандай да бір түрдің энергиясын ж а н д а н д ы р а т ы н ;

адамның мүшелері мен тіндеріне механикалық әсер етуге арналған құралдарды іс әрекетке келтіретін;

алдын алу, диагностикалау, емдеу, оңалту, сондай-ақ оларды түзету мақсатында организмнің қандай да бір немесе өзге қызметін белгілі бір уақыт аралығында алмастыратын немесе демейтін медицина техникасы.

Медициналық құрал-жабдықтар - емдеу, алдын алу, диагностикалау және оңалту шараларында, сондай-ақ ауруларға күтім көрсетуде емделушілерге және медицина қызметкерлеріне қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге арналған медицина техникасы ;

7) медициналық мақсаттағы бұйымдар - алдын алу, диагностикалау және

емдеу шараларын жүргізу үшін қолданылатын бұйымдар мен материалдар: медициналық құрал-жабдықтар, шығын, таңу және тігу материалдары, бір реттік стерильді жиынтықтар мен медициналық мақсаттағы киімдер, бекемдейтін таңғыштар және құрылғылар, стоматологиялық материалдар, жанаспалы және көруді түзетуге арналған линзалар, диагностикалық реагенттер (адам ағзасынан сынақтар жүргізуге арналған ин-витро сынамаларын алуға және адамның физиологиялық жағдайы немесе ауруы туралы деректерді анықтау үшін қызмет ететін реагенттер, реагенттер жиынтықтары, жүйелер);

8) дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжат - сериясына қарамастан дәрілік зат сапасының нормалар кешенін, оны анықтау әдістемелерін белгілейтін дәрілік заттың бірдей қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ететін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Фармация комитеті дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде берген өндіруші ұйым бекіткен нөмірмен оны өндірудің тұрақтылығы мен бірыңғайлығын белгілейтін құжат;

9) тіркеу құжаттар жинағы - дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу барысында тапсырыс берушілер ұсынған тапсырыс беру құжаттарының жиынтығы;

10) тіркеу нөмірі - Қазақстан Республикасының фармацевтика рыногында дәрілік заттың болған кезеңіндегі аралықта өзгеріссіз сақталатын және Дәрілік заттардың мемлекеттік тізіліміне енгізілетін дәрілік затқа, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымға берілетін кодтық белгі;

11) тіркеу куәлігі - Фармация комитеті тіркелген дәрілік затқа, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымға тапсырыс берушіге беретін белгіленген үлгідегі құжат;

12) фармакологиялық комиссия - дәрілік заттың қауіпсіздігіне, тиімділігіне, ғылыми мамандандырылған сараптаманы жүргізу, уыттылығын, өсіп-өну (эмбриоуыттылығы, тератогендігі, мутагендігі) қызметін, клиникаға дейінгі клиникалық және басқа сынақтардың қорытындылары бойынша канцерогендігін, сондай-ақ дәрілік затты қолдану жөніндегі мамандарға арналған және дәрілік затты қолдану жөніндегі тұтынушыларға арналған (аннотация-қосымша бет) нұсқаулықтарда көрсетілген деректердің дұрыстығын бағалау жөніндегі сараптау комиссиясы;

13) фармакопоялық комиссия - өндірілген дәрілік заттардың ұқсастығы, маңыздылығы, тазалығы, бактериологиялық тазалығы, пирогендігі, эндоуыттылығы, сондай-ақ химиялық, фармацевтикалық, биологиялық бара-барлығы сапа көрсеткіштерінің, дайындаушы зауыттың дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжатының сапа көрсеткіштерінің халықаралық сапа стандарттарына сәйкестігі тұрғысында

таңбалануына және қаптамасына дәрілік заттар сапасын сақтауды қамтамасыз ету үшін жеткіліктілігі тұрғысында ғылыми мамандандырылған сараптаудан өткізу жөніндегі сараптау комиссиясы.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), өзгерту енгізілді - 2007.08.15. N 500 Бұйрықтарымен.

2. Осы Ереже Қазақстан Республикасында дәрілік препараттарды, дәрілік субстанцияларды, медициналық иммунобиологиялық препараттарды, дәрілік өсімдік шикізатын, гомеопатикалық препараттар мен парафармацевтикттерді (бұдан әрі - дәрілік заттар) мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу жүргізуге және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізуге қойылатын негізгі талаптарды белгілейді.

3. Дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды мемлекеттік тіркеуді, қайта тіркеуді және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізуді Фармация комитеті жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасында өндірілген, сондай-ақ оның аумағына тасымалданып жеткізілген дәрілік заттар, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдар, мыналарды қоса:

1) дәрілік нысаны, мөлшері, қаптамасы көрсетілген түпнұсқадағы, сондай-ақ қайта өндірілген дәрілік заттар (генериктер);

2) Қазақстан Республикасына жеткізілетін дәрілік заттардың балк-өнімдері;

3) Қазақстан Республикасында дәрілік нысаны, мөлшері, қаптамасы көрсетіліп, бұдан бұрын тіркелген дәрілік заттардың жаңа қоспалары;

4) Қазақстан Республикасында бұрын тіркелген, бірақ басқа өндіруші ұйымдар өндірген, сондай-ақ басқа дәрілік нысанда, жаңа мөлшерде, жаңа орамда, жаңа қаптамада, көмекші заттардың басқа құрамында басқа атаумен шығарылған дәрілік заттар;

5) парафармацевтикттер мемлекеттік тіркеуге және қайта тіркеуге жатады.

Ескерту: 4-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

5. Дәріханаларда дәрігерлердің рецептілері бойынша және емдеу-алдын алу мекемелерінің талаптары бойынша дайындалған дәрілік препараттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасында сату мен пайдалану үшін арналмаған медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың көрмелік үлгілері мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

6. Әсер етуші заттардың әртүрлі құрамы бар дәрілік заттарды бір атаумен мемлекеттік тіркеуге тыйым салынады.

2. Тіркеу құжаттары жинағына қойылатын негізгі талаптар және оларды беру тәртібі

7. Дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу осы Ережеге 1, 2 -қосымшаларға сәйкес Фармация комитетіне берілген өтініш негізінде жүргізіледі.

Дәрілік затты мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу туралы өтінішке: осы Ережеге 3 -қосымшаға сәйкес бірыңғай екі данада тіркеу құжаттарының ж и н а ғ ы ;

дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжатта көрсетілген әдістеме бойынша 3 дүркін талдау жүргізу үшін қажет мөлшерлердегі дәрілік заттар үлгілері, дәрілік заттар мен бөгде қоспалардың референс-стандарттары, стандарттық үлгілері қоса беріледі.

медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйым мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге ұсынылғанда:

осы Ережеге 4 -қосымшаға сәйкес екі данада тіркеу құжаттарының жинағы;

3 дүркін талдау жүргізу үшін қажет мөлшерлердегі медициналық мақсаттардағы бұйымдар үлгілері қоса беріледі.

Өтініш иесі тіркеу алымы төленгенін растайтын құжат ұсынады.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

8. Дәрілік затқа құжаттар жинағы 4 бөлімнен тұрады:

I бөлім - жалпы құжаттама;

II бөлім - химиялық, фармацевтикалық және биологиялық құжаттама;

III бөлім - фармакологиялық және токсикологиялық құжаттама;

IV бөлім - клиникалық құжаттама.

9. Құжаттар тізбеде айқындалған тәртіпте тігіледі, бөлімдер бойынша топталады, беттер бөлімдер бойынша нөмірленеді.

10. Дәрілік препараттар мен жаңа дәрілік түрлерді, оның ішінде медициналық иммунобиологиялық заттар, ресми түрде танылмаған дәрілік өсімдік шикізаты мен жиналымдарды тіркеу үшін тіркеу құжаттары жинағының екі толық жиынтығы (I-IV бөлімдер) ұсынылады.

Ескерту: 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

11. Қайта өндірілген (генерикалық) дәрілік затты, дәрілік субстанцияны, балк-өнімді, фармакопоялық (ресми) дәрілік өсімдік шикізатын немесе жиынтығын, гомеопатикалық дәрілік затты тіркеу үшін тіркеу құжаты

жинағының I, II-бөлімдері ұсынылады.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

12. Дәрілік заттарды қайта тіркеу үшін тіркеу құжаттары жинағының I және II бөлімдері ұсынылады.

13. Тіркеу құжаттары жинағының I және II бөлімдері орыс тіліне аударылып ұсынылады.

14. Бір және сол дәрілік заттың түрлі дәрілік түрлерін тіркеу, қайта тіркеу кезінде тапсырысшы әрбір дәрілік түрге бөлек өтініштер мен тіркеу құжаттарының жинағын ұсынады.

Түрлі мөлшерлеудегі, концентрациядағы, толтырылу көлеміндегі бір дәрілік зат мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) бір мезгілде ұсынылған жағдайда тапсырысшы әрбір мөлшерлеуге, концентрацияға, толтырылу көлемі мен орамдағы мөлшерлер санына орамдар макеттері мен заттаңбаларды қоса отырып, бір өтініш пен тіркеу құжаттарының жинағын ұсынады.

15. *Алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.*

3. Дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу

16. Фармация комитеті мемлекеттік тіркеу туралы өтініш алғаннан кейін Қазақстан Республикасының рыногында мемлекеттік тіркеуге өтініш жасалған дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың аналогтарының болуына, олардың салыстырмалы бағасына, өндірілу жағдайларын бағалауға талдау жүргізеді.

Өндірістің жағдайын және сапаны қамтамасыз ету жүйесін бағалау, Фармация комитетінің сараптама ұйымдарының мамандарымен бірлесе отырып, өндіруші кәсіпорынға баруы арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген талдаудың оң нәтижесі болған жағдайда осы Ережеге 5 - қосымшаға сәйкес сараптама жұмыстарын жүргізудің орындылығы туралы қорытынды жасалады, ол "Дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (бұдан әрі - Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығы) 15 күннен аспайтын мерзімде беріледі.

Лауазымдық орнына, қызмет жағдайына немесе міндеттерін орындауына байланысты дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу іс-шараларына қатысты құпия ақпараттарға қол жеткізе алатын тұлғалар, оларды сақтауға және қорғау шараларын қабылдауға міндетті.

Құпия ақпараттарға тіркеу құжаты жинағында бар материалдар мен құжаттар,

мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және дәрілік заттардың тіркеу құжаты жинағына өзгерістер енгізу кезіндегі сараптама жұмысының барлық кезеңдері жатады.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2006.07.12. N 304 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.15. N 500 Бұйрықтарымен.

17. Дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың сараптамасын Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығы ұйымдастырады және жүргізеді.

Талдау және клиникалық сынақтар белгілеген тәртіппен бекітілген аккредиттелген сынақ зертханалары мен клиникалық базаларда өткізіледі.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.15. N 500 Бұйрықтарымен.

18. Дәрілік заттардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың клиникалық зерттеулері, генериктердің биоэквиваленттілікке сынақтары қауіпсіздік, тиімділік туралы қосымша мәліметтер алу қажет болған жағдайларда Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығының ұсынымы негізінде Фармация комитетінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Дәрілік заттардың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың клиникалық зерттеулері, сондай-ақ генериктердің биоэквиваленттілікке сынақтары өтініш иесімен шарт негізінде клиникалық базаларда жүргізіледі.

Биоэквиваленттілікке клиникалық зерттеулер мен сынақтар жүргізудің құнын өтініш иесі төлейді.

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 304 бұйрықтарымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

19. Фармация комитеті сауда белгісі немесе патент иесінің өтініші және оның интеллектуальдық меншікке құқының бұзылу фактісі туралы тапсырысшының тиісті құжаттарды ұсынуы негізінде сот шешімі шығарылғанға дейін сараптамалық жұмыстарды тоқтата тұруы мүмкін.

20. Фармация комитеті осы Ережеге 6 -қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіркеуге мәлімделген дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың қауіпсіздігі, тиімділігі мен сапасы туралы Дәрілік заттарды сараптау ұлттық орталығының қорытындысы негізінде дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу, қайта тіркеу туралы немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

21. Фармация комитеті дәрілік затты, медицина техникасын және медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда мынадай:

дәрілік затты, медицина техникасын және медициналық мақсаттағы бұйымдарды Дәрілік заттардың мемлекеттік тізіліміне енгізу және дәрілік затты, медицина техникасын және медициналық мақсаттағы бұйымды медициналық қолдануға рұқсат ету туралы;

дәрілік затты, медициналық мақсаттағы (алдын-ала әсер ететін иммунобиологиялық емдеу дәрілік препараттарынан басқа, медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетімен келісілгеннен кейін) бұйымды медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы;

дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжатты келісу туралы;

орамдар мен жапсырма қағаздардың макеттерін бекіту туралы бұйрықтар шығарды.

Ескерту: 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

22. Фармация комитеті тіркелген дәрілік затқа, медицина техникасына және медициналық мақсаттағы бұйымға, өтініш иесіне:

1) осы Ережеге 7, 8 -қосымшаларға сәйкес мерзімі көрсетіле отырып, сол бойынша Қазақстан Республикасы аумағында медициналық қолдануға рұқсат етілетін тіркеу куәлігін;

2) дәрілік затты медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бекітілген нұсқаулықты;

3) медициналық мақсаттағы бұйымды медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бекітілген нұсқаулықты;

4) дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нөмір берілген келісілген нормативтік-техникалық құжатты;

5) бекітілген орам мен этикеткалардың макеттерін;

6) тіркеу құжаты жинағының екінші данасын береді.

Ескерту: 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

23. Фармация комитеті ведомстволық мұрағатқа дәрілік затқа, медицина техникасына, медициналық мақсаттағы бұйымға арналған тіркеу құжаты жинағының бір данасын, тіркеу куәлігінің көшірмесімен, бастапқы сараптама қорытындысын, Фармакопоя сарапшылары, Фармакология комиссиясы және Медицина техникасы, медициналық мақсаттағы бұйымдар жөніндегі комиссия қорытындыларын, сынақ зертханасының есебін, бекітілген дәрілік заттарды

медициналық қолдану туралы нұсқаулық, медициналық мақсаттағы бұйымдарды орамдар мен жапсырмалардың макеттерімен бекітілген медициналық мақсаттағы бұйымдағы қолдану жөніндегі нұсқаулықты береді.

Тіркеу куәлігі қолданыста болған уақытта тіркеу құжаты жинағы тіркеу куәлігіне өзгерістер енгізілгені туралы фирманың тапсырыс беруші қоса берілген барлық құжаттарымен, қауіпсіздік және тиімділік туралы есептермен толықтырылады.

Тіркеуге берілген құжаттар жинағы, дәрілік заттың, медицина техникасының, медициналық мақсаттағы бұйымның Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тізілімінде тіркелген-тіркелмегеніне қарамастан, құпиялық талаптарын сақтай отырып, мұрағатта сақталуы тиіс.

Ескерту: 23-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

24. Пайдасы/қауіптілік көрсеткіштері ескеріле отырып, дәрілік заттың тұрақтылығына тіркеу куәлігі үш жылдан бес жылға дейін, дәрілік субстанцияға, дәрілік өсімдік шикізатына тіркеу куәлігі үш жылдан он жылға дейін, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медицина техникасына - үш жылдан бес жылға дейін беріледі.

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

25. Тіркелген дәрілік зат, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйым дәрілік заттардың Мемлекеттік тізіліміне енгізіледі.

26. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі ішінде тапсырысшы тіркелген дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның сапасы үшін жауапты болады, олар мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылған үлгілерге сәйкес болуы керек.

27. Тапсырысшы тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі ішінде Фармация комитетіне дәрілік заттың қауіпсіздігі, тиімділігі жөнінде мынадай мерзімділікпен:

- 1) мемлекеттік тіркеуден кейін екі жыл ішінде 6 айда бір рет;
- 2) одан кейінгі үш жыл ішінде - жыл сайын;
- 3) дәрілік затты кейіннен қайта тіркегенде бес жылда бір рет есеп беріп отыруға тиіс.

2 8 . < * >

Ескерту: 28-тармақ алынып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2006 жылғы 12 шілдедегі N 304 бұйрықтарымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

29. Фармация комитеті:

1) дәрілік заттың бұрын белгісіз болған қауіпті қасиеттері немесе жанама реакциялары және медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды пайдалану кезіндегі жанама әсерлері;

2) әкелінетін дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның сапасы дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжат талаптарына сәйкес келмегені анықталған жағдайда тіркелген дәрілік затқа, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымға уақытша тыйым салу туралы немесе тіркеу куәлігі қайтарылып алынатын тыйым салу туралы шешім қабылдай алады.

30. Тіркеу куәлігінің мерзімі өткеннен кейін дәрілік затқа, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымға қайта тіркелген жағдайда ғана әрі қарай қолдануға рұқсат етілуі мүмкін.

31. Өтініш беруші тіркеу куәлігінің қолданылуы аяқталғанға дейін, сондай-ақ тіркеу куәлігінің қолданылуы аяқталғаннан кейін алты айдың ішінде қайта тіркеуге өтініш беруге құқылы.

32. Тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін тіркеу куәлігінің қолданылуы кезінде Қазақстан Республикасының аумағына әкелінген немесе отандық өндірушілер өндірген дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды сатуға рұқсат етіледі.

4. Тіркеу куәлігінің қолданылуы кезеңінде тіркелген дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізу

33. Енгізілетін өзгерістер дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның қауіпсіздігі мен сапасын төмендетпеуге тиіс .

34. Өзгерістер былайша жіктеледі:

1) жаңа тіркеуді қажет етпейтін I үлгідегі өзгерістер:
осы Ереженің 9 -қосымшасына сәйкес дәрілік зат, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның тіркеу куәлігінің қолданылу кезеңінде тіркеу құжаттары жинағына түзетулер енгізуге қатысты болымсыз өзгерістер;
дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды пайдаланудың қауіпсіздігіне және тіркелген дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану кезінде адам денсаулығы үшін қауіп-қатері анықталған жағдайда өтініш иесі енгізетіндеріне қатысты шұғыл у а қ ы т ш а ш е к т е у л е р ;

2) дәрілік заттың жаңадан тіркелуін қажет ететін және осы Ереженің 10 -қосымшасына сәйкес сипаттамаларының елеулі өзгерістерімен жалғасатын II

ү л г і д е г і

ө з г е р і с т е р .

Осы Ереженің 9-қосымшасында көрсетілмеген медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымға қатысты барлық өзгерістер жаңа тіркеуді қажет етеді.

35. Өтініш иесі бір ай ішінде тіркеу құжаттарының жинағына өзгерістер енгізу қажеттігі туралы Фармация комитетіне хабарлайды.

Бұл орайда өтініш иесі Фармация комитетіне осы Ереженің 11 , 12 - қосымшаларына сәйкес өтініш, осы Ереженің 9-қосымшасына сәйкес құжаттар мен материалдар тапсыруға тиіс.

36. Дәрілік заттардың сараптау ұлттық орталығы сараптама нәтижелері негізінде тіркеу құжаттары жинағына енгізілетін өзгерістердің осы Ереженің 13 қосымшасына сәйкес дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның қауіпсіздігіне, тиімділігі мен сапасына әсері туралы қорытынды береді.

37. Тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер тіркеу құжаттары жинағының мұрағаттық даналарына міндетті түрде жазбалар енгізіле отырып, Фармация комитетінің бұйрығы негізінде енгізіледі.

38. Өтініш иесіне дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның мемлекеттік тіркелуінің жаңа тіркеу куәлігінде өзгеріс енгізу күні және нөмірі көрсетіліп, I үлгідегі өзгерісті енгізгенде қалған қолданылу мерзіміне мемлекеттік тіркеудің бұрынғы нөмірімен жаңа тіркеу к у ә л і г і б е р і л е д і .

Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005 жылғы 1 қарашадағы N 551 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз).

39. Дәрілік зат, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйым орамдарына өзгерістерге қатысты тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізілген жағдайда Фармация комитетінің шешімі бойынша дәрілік затты ескі және жаңа орамында бір мезгілде сатуға рұқсат етіледі.

5. Дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеуден, қайта тіркеуден және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізуден бас тарту үшін негіздеме

40. Фармация комитеті мынадай жағдайларда:

1) алғашқы сараптауды жүргізу процесінде тапсырыс берушіге ескертулер берілгеннен кейін 30 күннен артық мерзімде тіркеу құжаттар жинағының толық ж и ы н т ы ғ ы ұ с ы н ы л м а с а ;

2) мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге өтініш жасалған дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның бұрын тіркелген

ұқсастарымен салыстырғанда қауіпсіздігі мен тиімділігі неғұрлым төмен;

3) дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның құрамында Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған заттар мен материалдар болған;

4) өтініш иесі күмәнді мәліметтер ұсынған;

5) өтініш иесі белгіленген тәртіпте тағайындалған сынақтар жүргізуден бас тартқан;

6) дәрілік заттың, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымның қауіпсіздігін және/немесе тиімділігін сипаттайтын клиникалық және басқа зерттеулердің жағымсыз нәтижелері алынған;

6-1) өндіруші кәсіпорында болған кезде анықталған дәрілік заттың айтылған қауіпсіздігін, тиімділігін және сапасын қамтамасыз ететін жүйенің шарттарына өндірістің нақты шарттарының сәйкес келмеуі жағдайларында дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды мемлекеттік тіркеуден, қайта тіркеуден және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізуден бас тартды.

Мемлекеттік тіркеуден, қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда тіркеу алымдары мен сараптама жұмыстарының жүргізілу құны өтініш иесіне қайтарылмайды.

Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2005.11.01. N 551 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2007.08.15 . N 500 Бұйрықтарымен.

41. Фармация комитеті шешім қабылданғаннан кейін өтініш иесіне дәрілік затты, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды мемлекеттік тіркеуден, қайта тіркеуден және тіркеу құжаттары жинағына өзгерістер енгізуден бас тартылғаны туралы жазбаша түрде хабарлайды.

42. Бас тарту туралы шешімге Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте шағымдануға болады.

Қазақстан Республикасында
дәрілік заттарды, медицина
техникасы мен медициналық
мақсаттағы бұйымдарды
мемлекеттік тіркеу, қайта
тіркеу және дәрілік заттың,
медициналық бұйымның тіркеу
құжаттары жинағына
өзгерістер енгізу

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

**Қазақстан Республикасында
дәрілік затты мемлекеттік тіркеуге,
қ а й т а т і р к е у г е**

өтініш

1. Дәрілік заттың сауда атауы (әрі қарай - ДЗ) (мемлекеттік, орыс тілдерінде)

2. Дәрілік препарат түпнұсқалық немесе жаңадан өндірілген болып табылады (қажеттісін көрсету керек)
қайта өндірілген (генерикалық) ДЗ үшін ДЗ түпнұсқалық атауы
к ө р с е т і л с і н

3. Халықаралық патенттелмеген атауы (әрі қарай - ХПА) немесе көп компонентті ДЗ барлық белсенді субстанцияларының ХПА-ы;
Бақылауға жататын ДЗ үшін: дәрілік заттардың химиялық атауы

ХПА-ы немесе химиялық атауы жоқ дәрілік субстанция үшін - шығу тегі мен дайындау тәсілдері туралы деректер _____

Дәрілік өсімдік шикізаты (жиналымдар) үшін - кіретін барлық өсімдіктердің ботаникалық атауы _____

4. Дәрілік түрі, мөлшерленуі, концентрациясы, көлемі, енгізілу тәсілі, орамындағы мөлшерлер саны

5. орамы (болуы және қысқаша сипаттамасы):
Алғашқы _____

Екінші мәрте _____

6. Өтініш иесі (қажеттісін толтыру керек):

1) Дайындаушы зауыт (тіркеу куәлігін толтыруға арналған көрсетілсін)
Мемлекеттік тілде _____

орыс тілінде _____

шетел үшін (қосымша ағылшын тілінде) _____

Басшы _____

Заңды мекен-жайы _____

Тұрғылықты мекен-жайы _____

Телефон, факс, E-mail _____

Өндіруші ел (елдің толық атауы (ресми мәртебесі) ГК РК ИСО3166

Әсер етуші заттар:

1 .
2 .
3 . ж ә н е т . б .

Таблетка қабықшасының немесе капсула корпусының құрамы

Ескерту: Дәрілік түрдің 1 бірлігіне салмақ бірліктерінде (г, мг, мг/кг), биологиялық бірліктерде, концентрация бірліктерінде (пайыздарда, мг/мл)

Дәрілік өсімдік шикізаты үшін:

Дәрілік өсімдік шикізаты (жиналым)	Сапаны немесе Фарма- копея шығарылған жы- лын көрсете отырып р е т т е й т і н Н Қ	Өндіруші, орналасқан мекен-жайы
------------------------------------	---	---------------------------------

Ж и н а л ы м кіретін б о т а н и к а л ы қ а т а у л а р ы	қ ұ р а м ы н а ө с і м д і к т е р д і ң л а т ы н
--	---

1 .
2 . ж ә н е т . б .

9. ДЗ құрамына кіретін адам немесе жануарлар текті заттарды көрсету керек _____

Дәрілік өсімдік шикізаты үшін өсірілген немесе өскен жерін көрсету керек _____

10. АТМ коды немесе оған қатысты ұсыныстар

11. Негізгі фармакологиялық әсері (гомеопатикалық препараттарды қоспағанда) _____

12. Қолдану саласы (ДЗ профилактикалық немесе дәрілік зат ретінде ұсынылатын ауруларды көрсету керек) _____

13. Ұсынылған мөлшерлер:

бір реттік:	орташа _____	жоғары _____
курстық:	орташа _____	жоғары _____

14. Өндіруші елде және басқа елдерде тіркелуі (елдер тізбесі)

N р/н	Елдің атауы	Тіркеу куәлігінің (маркетингке лицензияның) N	Берілген күні	Қолдану мерзімі
1				
2				

Иә

ЖОК

Егер иә болса, онда мынадай ақпарат беру керек:

Қорғау құжатының (патент) нөмірі		Берілген күні		Қолданылу мерзімі		Қорғау құжатының (патент) иесі
--	--	---------------	--	----------------------	--	-----------------------------------

16. Тауар белгісінің Қазақстанда қорғалуы (қажеттісін көрсету керек)

Иә

ЖОК

Егер иә болса, онда мынадай ақпарат беру керек:

Қорғау құжатының (патент) нөмірі	Берілген күні	Қолданылу мерзімі	Қорғау құжатының (патент) иесі
--	---------------	----------------------	-----------------------------------

17.	Дәрілік	заттың	сақтау	мерзімі
-----	---------	--------	--------	---------

Орамды бірінші ашқаннан кейін немесе сұйылтқаннан кейін пайдалану мерзімі

18. Тасымалдау _____
19. Сақтау шарттары (қажеттісін көрсету керек)
Температура

Қалыпты жағдайлар (+15 ° С - +25 С немесе ауа райы
жағдайларына байланысты +30 С-ға дейін)

8 ° С-дан жоғары емес (+2 ° С - +8 С)

15 ° С-дан жоғары емес (+2 ° С - +15 С)

(+2 ° С)-дан) - (+8 С)-ға дейін

Қ а т ы р ы л ғ а н д а

20. Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитет бақылайды (Тізімнің II, III, IV кестесі) (керегін белгіле)

ДЗ атауы	Бақылауға жататын дәрілік заттың МНН	Дәрілік заттың химиялық атауы	ҚР бақылауға жататын есірткі құралдар, психотроптық заттар және прекурсорлар тізімінің кестесі		
			II	III	IV

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лицензиялауға жататын дәрілік затта улы заттың болуы:

ДЗ атауы	Заттың атауы	Тізбе тізімі

21. Тапсырысшы еліндегі босатылу түрі

- Дәрігердің рецептісі бойынша

- ОТС (рецептісіз)

22. Жарнама көзделген бе (қажеттісін көрсету керек)

Иә

Жоқ

23. Отандық өндірушілер үшін дәрілік субстанцияны мемлекеттік тіркеу берілген бе (гомеопатикалық препараттарды қоспағанда)

Иә

Жоқ

Өтініш иесі: _____ тіркеу құжаттары жинағының барлық даналарында мазмұндалған ақпараттың дұрыстығы мен дәлме-дәлдігіне, ДЗ сапасын бақылау жөніндегі әдістеменің, медициналық қолдану жөніндегі аудармалардың барабарлығына, сондай-ақ тіркеуге ұсынылған ДЗ үлгілерінің, дәрілік және бөгде қоспалардың тіркеуге ұсынылған құжаттарға сәйкес келуіне кепілдік б е р е м і н .

Мемлекеттік тіркеуден өткен жағдайда мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылған үлгілерге толық сәйкес ДЗ жеткізуді жүзеге асыруға міндеттенемін және дайындаушы-зауыттың талаптарына сәйкес тасымалдау мен сақтау шарттарын сақтай отырып, жарамдылықтың бүкіл кезеңі ішінде ДЗ тиімділігі, қауіпсізділігі мен сапа көрсеткіштері бойынша дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжат талаптарына сай болуына кепілдік б е р е м і н .

Шешім қабылданғаннан кейін бір ай мерзім ішінде тіркеу құжаттары жинағындағы кез келген өзгерістер және медициналық нұсқаулықта және бұрын көрсетілмеген ДЗ кез келген жанама әсерлер туралы хабарлап отыруға және мемлекеттік тіркеуден кейін екі жыл ішінде 6 айда бір рет, одан кейінгі үш жыл ішінде жыл ішінде жыл сайын және одан кейінгі қайта тіркеуден өткен соң бес жылда кемінде бір рет ДЗ қауіпсіздігі мен тиімділігі туралы есеп беруге м і н д е т т е н е м і н .

Өтініш 4 данада жасалады
24. Дәрілік зат сараптамасын төлеуші _____

(дайындаушы зауыт, өкілдігі, сенімді тұлға)

Төлеушінің реквизиттері: _____

(СТН, р/с, в/с, код, БИК, банк)

Толтырған мерзімі

2003 ж. _____

қолы _____

Мөр _____

Фирма басшысының
немесе ресми өкілдің

E - m a i l

өндіруші ел _____

дәрілік заттарға сараптама жүргізу шартының "N, шарт жасасқан күні,
қолдану мерзімі _____

2) Тапсырыс берушінің Қазақстан Республикасындағы сенімді
өкілі _____

Заңды тұлғаның атауы немесе жеке тұлғаның Т.А.Ә. _____

Негізінде әрекет ететін _____

Сенімхаттың N, берілген күні, қолдану мерзімі

Телефон, факс, E-mail _____

Дәрілік заттарға сараптама жүргізу шартының N, шарт жасасқан күні,
қолдану мерзімі _____

3) "ҚР өкілдігі _____

Заңды мекен-жайы _____

Тұратын жері _____

Т.А.Ә. _____

Телефон, факс, E-mail _____

дәрілік заттарға сараптама жүргізу шартының N, шарт жасасқан күні,
қолдану мерзімі _____

5. Медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың
өндірілуі (қажеттісін көрсету керек)

Толығымен осы зауытта

Ішінара осы зауытта

Толығымен басқа зауытта

6. Медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдардың
ықтимал қаупінің дәрежесі (қауіп тобына сәйкес) - қажеттісін
к ө р с е т у к е р е к :

1 топ - қауіптің төмен дәрежесімен |

2а топ - қауіптің орташа дәрежесімен |

2б топ - қауіптің көтерілген дәрежесімен |

3 топ - қауіптің жоғары дәрежесімен |

7. Медициналық мақсаттағы бұйымның орамы

10. Басқа елдерде тіркелуі туралы мәліметтер

N р/н	Елдің атауы	Тіркеу куәлігінің (маркетингке лицензияның) N	Берілген күні	Қолдану мерзімі
1				
2				

11. Қазақстан Республикасында қорғау құжаттарымен қорғалуы
(қажеттісін көрсету керек):

Иә

Жоқ

Егер иә болса, онда мынадай ақпарат беру керек:

Қорғау құжатының (патент) нөмірі		Берілген күні		Қолданылу мерзімі		Қорғау құжатының (патент) иесі
--	--	---------------	--	----------------------	--	-----------------------------------

12. Қазақстанда тауар белгісінің қорғалуы (қажеттісін көрсету керек)

Иә

Жоқ

Егер иә болса, онда мынадай ақпарат беру керек:

Қорғау құжатының (патент) нөмірі		Берілген күні		Қолданылу мерзімі		Қорғау құжатының (патент) иесі
--	--	---------------	--	----------------------	--	-----------------------------------

13. Медициналық мақсаттағы бұйымға арналған сақтау мерзімі

Медицина техникасын пайдалануға арналған кепілдік мерзімі _____

14. Тасымалдау шарттары _____

15. Сақтау шарттары _____

Өтініш иесі (өндіруші): _____ дайындаушы зауыттың талаптарына сәйкес тасымалдау және сақтау шарттары сақталған жағдайда, нормативтік құжаттаманың барлық талаптарын қанағаттандыратын мемлекеттік тіркеу кезінде ұсынылған үлгілерге сәйкес медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды Қазақстан Республикасына жеткізуді жүзеге асыруға міндеттенемін, пайдаланудың бүкіл кезеңі ішінде қауіпсіздік пен сапаның сақталуына кепілдік беремін. Тіркеу материалдарының барлық файлдарында мазмұндалған ақпараттың дұрыстығы мен дәлме-дәлдігіне және барлық тіркеу құжаттары жинағындағы мазмұндалған ақпараттың дәлме-дәлдігіне, сондай-ақ үлгілердің тіркеуге ұсынылған нормативтік құжаттар үлгілеріне сәйкес келуіне кепілдік беремін. Тіркеу құжаттары жинағындағы барлық өзгерістер туралы, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды пайдалану кезінде медициналық қызметшілерге және тұтынушыларға арналған медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымды қолдану жөнінде анықталған әсерлер туралы хабарлауға, өзгерістер енгізу туралы өтініш пен материалдар беруге _____ міндеттенемін.

16. Медицина техникасы және/немесе медициналық мақсаттағы бұйымдар сараптамасының төлеушісі болып табылады _____

_____ (дайындаушы зауыт, өкілдігі, сенімді тұлға)

Үшінші жол мынадай мазмұндағы жол асты жолымен толықтырылсын:

Төлеушінің реквизиттері _____

(СТН, р/с, в/с, код, БИК, банк)

Өтініш 4 данада толтырылады.

Толтырған мерзімі:

Тапсырысшының қолы _____

2003 ж. " ____ " _____

Мөр _____

Қазақстан Республикасында
дәрілік заттарды, медицина
техникасы мен медициналық
мақсаттағы бұйымдарды
мемлекеттік тіркеу, қайта
тіркеу және дәрілік заттың,
медициналық бұйымның тіркеу
құжаттары жинағына
өзгерістер енгізу

Ережесіне 3-қосымша

Ескерту: 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2007.08.15. N 500 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасында дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу кезінде ұсынылатын тіркеу құжаты жинағының тізбесі

N р/н	Құжаттар атауы	Дәрілік заттар (ДЗ)				
		Дәрі- лік препа- раттар	Д З Балк- өнім	Дәрілік субс- танция	Шығу тегі табиғи дәрілік шикізат- тар	Гомеопатиялық ДЗ
1	2	3	4	5	6	7
	I б ө л і м Жалпы құжаттама					
I A	Әкімшілік деректері					
1.	Бекітілген нысан бойынша мемлекеттік тіркеуге өтініш (қағаз және электронды түрде)	+	+	+	+	+
2.	** ДДҰ ұсынысына сәйкес фармацевтикалық өнімге сертификат. Болмаған кезде мыналар ұсынылады:					
	**1) өндіруші елде (нотариалдық куәландырылған) тіркеу туралы сертификат (тіркеу куәлігі)	+	+	-	+	+
	** 2) GMP сертификаты (соңғы инспекцияның көрсетілген күні мен нәтижесі) (нотариалдық куәландырылған)	+	+	+	+	+
	** 3) Еркін сатуға рұқсат беретін сертификат (экспорт)	+	+	-	+	+
3.	*** Фармацевтикалық қызметке мемлекеттік лицензия (нотариалдық куәландырылған)	+	+	+	+	+
4.	Өндіруге құқығы бар лицензиялық шарт (препараттың түпнұсқасына берілген	+	+	-		-

	патенттің жарамдылық мерзімі өткенге дейін)				-	
5.	*** Лицензияға қосымша (өсімдік текті шикізаттар үшін - отандас өндірушілер үшін әзірлеуге рұқсат)	+	+	+	+	+
6.	Басқа елдерде ДЗ тіркеу туралы, т і р к е у куәлігінің нөмірі мен күні көрсетілген мәліметтер (сертификаттың немесе тіркеу куәлігінің көшірмесі)	+	+	+	+	+
7.	Белсенді ингредиенттің сапасын растайтын құжат (өндірушіден субстанция талдамасының сертификаты, Еуропалық Фармакопея монографиясының сәйкестік сертификаты, талдау хаттамасы, аналитикалық төлқұжат және т.б.)	+	+	+	-	-
8.	Үш сериялы дайын өнімнің сапасын растайтын құжат бойынша (талдау сертификаты, талдау хаттамасы және т.б.), бір сериясы тіркеуге берілген ДЗ үлгісінің сериясымен сәйкес болуы тиіс	+	+	-	+	+
9.	Өндірушіден жануарлардан алынған заттарға приондық қауіпсіздігі туралы құжаттар	+	+	+	-	-
10.	ҚР қайта тіркеу кезіндегі тіркеу куәлігінің көшірмесі	+	+	+	+	+
11.	Тіркеуден бас тарту, құзырлы органның немесе өтініш берушінің рыноктан кері алдыруы, тіркеу куәлігін қолдануды тоқтату немесе құзырлы орган-	+	+	+		+

	мен оның тоқтатыла тұруы туралы (оқиғалар болған жағдайда себептері көрсетілді) мәліметтер				+	
<u>I.B.</u>	** (SPC) Дәрілік препараттың ағылшын тіліндегі қысқаша сипаттамасы	+	-	-	+	+
1.	** (SPC) Дәрілік препараттың қысқаша сипаттамасының орыс тіліндегі аудармасы	+	-	-	+	+
2.	Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың мемлекеттік тілдегі жобасы (қағаз және электронды түрде)	+	-	-	+	+
3.	Медициналық қолдану жөніндегі нұсқаулықтың жобасы орыс тілінде (қағазға шығарылған және электронды түрде)	+	-	-	+	+
4.	Қаптама мен заттаңбаның түрлі-түсті макеті қағаз түрінде (жоқ болған жағдайда ақырғы қаптама соңғы таңбасыз ұсынылады, сараптама жұмыстары аяқталғанға дейін ақырғы бірінші және екінші қаптамадағы дана қосымша ұсынылуы тиіс)	+	-	-	+	+
5.	Сақтау құжатының көшірмесі немесе ҚР қорғау құжаттары иелерінің жеке құқықтарының бұзылу жоқтығын растайтын құжат	+	-	-	-	-
I C	Фармакологиялық қауіпсіздігін және тәуекелді басқару жүйесін бақылау жүйесін сипаттау	+	-	-	-	-
I D	ҚР аумағында және басқа елдердің аумағында анықталған ДЗ фармакологиялық қауіпсіздігін бақы-	+	-	-		-

	лау жинау және жанама әсерін тіркеу жөніндегі жауапты тұлғаның бар болуы туралы куәлікті ұстаушыны р а с т а у				-	
	І І б ө л і м Химиялық, фармацевтикалық және биологиялық құжаттама					
II	Мазмұны	+	+	+	+	+
II A	Дәрілік препараттың сапалық және сандық құрамы (әсер етуші, қосалқы заттар, таблетка қабығының немесе капсула корпусының құрамы)	+	+	-	+	+
II B	1. Өндіріс туралы деректер:					
	1) өндірістік формула	+	+	-	-	-
	2) өндіріс технологиясының сипаттамасы	+	+	+	-	-
	3) өндіріс үдерісін бақылау (операциялық бақылау)	+	+	+	-	-
	4) шетел өндірушілеріне арналған өндірістік үдерістің валидациясы (отандас өндірушілер үшін - өндірісті бағалау)	+	+	+	-	-
II C.	Әсер етуші заттарға (фармакопоялықтан басқа) сынау әдістемелері және талдау сертификаты және қосалқы заттарға талдау сертификаты	+	+	-	+	+
II D.	Дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі бекітілген дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттар (немесе дәрілік заттың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау	+	+	+		+

	жөніндегі ұйым стандарты), оған түсіндірме хат, дәрілік препаратты сынау әдістемелерінің валидациясы (фармакопеялық әдістемеден басқасы) қағаз жүзінде және электронды түрде				+	
II E	Қапталатын материалдар сапасын регламенттейтін құжаттар	+	+	+	+	+
II F	Ұзақ уақыт сақтаған кезде 3-тен кем емес өндіріс сериясындағы тұрақтылық сынау нәтижелері (немесе ICH-Q1A (R2) тұрақтылық сынау бойынша басшылықтың талаптарын сақтау жағдайында жаңа препараттар үшін қысқа мерзімді сақтау кезінде)	+	+	+	+	+
II G	Еріту бейіні туралы деректер (қатты дозаланған дәрілік түрлерге арналған)	+	+	-	-	-
II H	Биожетімділігі, биобаламалығы бойынша деректер (генериктер үшін), генериктердің парентеральдық нысандары үшін - қауіпсіздік және тиімділік бойынша мәліметтер	+	-	-	-	-
II K	Жануарларға жасалған тексерулер деректері	-	-	-	-	-
II L	Құрамында генетикалық өзгерген организмдер бар препараттардың қоршаған орта үшін болуы ықтимал қаупі туралы деректер	+	+	+	-	-
II M	Қауіпсіздігі бойынша кезең-кезеңмен жаңартатын есеп (қайта тіркеу кезінде)	+	-	-	-	-
II N	Химиялық, фармацевтикалық, биологиялық құжаттамалар бойынша сараптау есебі	+	-	-	-	+

II Q	Сапасын растайтын басқа да қосымша ақпараттар	+	+	+	+	+
	III бөлім. Фармакологиялық және уыттану құжаттамалар					
III	Мазмұны	+	+	-	+	+
III A	Уыттылығы жөніндегі деректер (жедел және созылмалы), (МИБП - бір рет енгізген кезде және дозаны қайталап енгізгендегі уыттылығы)	+	-	-	-	-
III B	Бала туу қызметіне әсері	+	-	-	-	-
III C	Эмбриоуыттылығы және тератогендігі бойынша деректер	+	-	-	-	-
III D	Мутагендігі бойынша деректер	+	-	-	-	-
III E	Канцерогендігі бойынша деректер	+	-	-	-	-
III F	Фармакодинамика (МИБП-реактогендігі)	+	-	-	-	-
III G	Фармакокинетика (МИБП - спецификалық белсенділігі)	+	-	-	-	-
III H	Жергілікті тітіркендіргіш туралы деректер (МИБП - вакцинаға арналған иммуногендік)	+	-	-	-	-
III S	Фармако-токсикологиялық құжаттама бойынша сараптау есебі	+	-	-	-	+
III Q	Қауіпсіздігін растайтын басқадай қосымша ақпарат	+	-	-	-	-
	IV бөлім. Клиникалық құжаттама					
IV	Мазмұны	+	-	-	-	+
IV A	Клиникалық фармакология жөніндегі деректер (фармакодинамика, фармакокинетика)	+	-	-		+

					-	
IV B	Клиникалық, иммунологиялық тиімділігі	-	-	-	-	-
IV C	Диагностикалық тиімділігі	-	-	-	-	-
IV D	Клиникалық зерттеулер, ғылыми басылымдар, есеп беру нәтижесі	+	-	-	-	+
IV E	Клиникалық құжаттама бойынша сараптау есебі	+	-	-	-	+
IV Q	Тиімділігін растайтын басқа да қосымша акпараттар	+	-	-	-	+

кестенің жалғасы

N	Парафармацевтиктер	Иммунобиологиялық препараттар (МИБП)		
